

REFERENCES

- 1 Tümebaev Zh. (2017). *Türki tilderiniñ salıstırmaly-tarikhy grammatikasy* (Fonetika. Morfologua) [Comparative and Historical Grammar of Turkic Languages (Phonetics. Morphology)]. Almaty: «Qazyǵurt». [in Kazakh]
- 2 Walikhanov Sh. Sh. (1984). *Sh. Walikhanovtyñ bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 1-tom*[Collected Works of Sh. Ualikhanov. Volume 1.]. Almaty: Qazaq Sovet entsiklopediasynyñ Bas redaksıasy. [in Kazakh]
- 3 Sabıtov Zh.M. (2011). «Özbek» etonımı jäne «köshpeli özbekter» atawynyñ shyǵu tegi turaly // *Altyn Orda örkenueti* [The Ethnonym ‘Uzbek’ and the Origin of the Term ‘Nomadic Uzbeks’// *Golden Horde Civilization*]. Maqalar jınaǵy. 4-shyǵarylym. Qazan: «Foliant», Sh. Marjhanı atyndaǵy Tarikh institutı, Tatarstan Ğylym akademıasy, 166-b. [in Kazakh]
- 4 Temirgaliev R. Zh. (2013). *Aq Orda. Qazaq khandyǵynyñ tarikhy*. Almaty. [in Kazakh]
- 5 Sultanyayev O.A. (1969). *Kókshetaı oblysyndaǵy jeke esimderden jasalǵan qazaq mikrotoponımderi* [Kazakh Microtoponyms Derived from Personal Names in the Kokshetau Region]. Almaty: «Nauka», 208–213-b. [in Kazakh]
- 6 Ainabek, A. (2024). The Effects of Teaching Toponyms and Folk Geography Terms with Information Technologies in Literature Courses. *IJEMST – 2024, 12-tom, №2*, 532–551. [CrossRef]
- 7 Bulgarova M.A. (1999). *Nogajskaya toponimiya*[Nogai toponymy]. Stavropol, 17-b. [in Russian]
- 8 Nash, J. (2015). The how of toponymy: A comment on Tent’s “Approaches to research in toponymy”. *Names* 2015, 63, 233–236. [CrossRef]
- 9 Tomanov M. (1988). *Qazaq tiliniñ tarikhy grammatikasy*[Historical Grammar of the Kazakh Language]. Almaty: «Mektep». [in Kazakh]
- 10 Kirtadze, D. (2015). Author’s Interpretation of Toponyms of the Historical Sources and the Hagiographic Literary Works. *Earth Sciences. Mod. Probl. Geogr. Anthropol.* 2015, 4, 19-23. [CrossRef].
- 11 Alkaya, E., Karaeva, B. Z., & Meirbekov, A. Comparative study of Kazakh and English place names in ethnolinguistic context // *Eurasian Journal of Applied Linguistics*. – 2023. – Vol. 9, No. 2. – P. 142–158. – DOI: 10.32601/ejal.2023.09.02.006.

Received: 28.10.2025

FTAMP 17.71.07.

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp51-64](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp51-64)

Ш.Е. Ауелбекова¹, Н.М. Шуиншина Мета²

¹SDU university, Алматы, Қаскелең 040901, Қазақстан Республикасы

²Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы 050000, Қазақстан

ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҒЫНАЛАРЫ ОРТАҚ ЖӘНЕ ҰҚСАС ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Бұл мақаламызда түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестері анықталып, түрік және қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің суретте ортақ сөздігі жасалды.

Зерттеудің мақсаты – түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ фразеологиялық бірліктерді анықтау, олардың салыстырмалы сөздік тізімін жасау. Зерттеу барысында 300-ден астам тұрақты сөз тіркесі анықталып, олардың ұқсастықтары мен

айырмашылықтарына қарай үш топқа жіктелді. Деректерді визуализациялау және түсінікті ету үшін DALL-E 3 жасанды интеллект құралын қолданып, иллюстрациялар жасалды. Нәтижеде, түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ фразеологизмдер екі тілдің тілдік, мәдени сабақтастығын көрсететіні дәлелденді. Негіз сөздері ұқсас болғанымен, мағыналық тұрғыдан ерекшеленетін тіркестер мәдени ерекшеліктерді айқындайды. Әртүрлі негіз сөздермен жасалған, бірақ мағыналары ұқсас фразеологизмдер екі халықтың ортақ дүниетанымын бейнелейді. Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестерінің тарихи, мәдени және тілдік сабақтастықты көрсететінін дәлелдеді. Сонымен қатар, фразеологизмдерді көрнекі құралдар арқылы оқыту тіл үйренушілер үшін тиімді әдіс ретінде ұсынылды. Бұл зерттеу тіл үйрету, аударма және мәдениетаралық коммуникация салалары үшін құнды дереккөз бола алады. Зерттеу шектеулері мен ұсыныстар ретінде, түрік және қазақ тілдеріндегі мағыналық жақтан ортақ фразеологизмдер ғана анықталып, тізімі жасалды, басқа түркі тілдерімен салыстыру және ортақ фразеологизмдердің жасалу жолдарын зерттеуде қарастырылмады. Келешекте зерттеуді кеңейтіп, пәнаралық тәсілдерді қолдану арқылы фразеологизмдердің жасалу жолдары және тарихи аспектілерін тереңірек зерттеу ұсынылады.

Кілт сөздер: тұрақты сөз тіркестері, түрік тілі, қазақ тілі, мәдени сабақтастық, фразеология, тіл үйрету.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестері тек лингвистикалық ұқсастықтарды ғана емес, сонымен бірге тарихи және мәдени сабақтастықтың тілдік көрінісін көрсетеді. Түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестері екі халықтың дүниетанымы мен мәдениетінің ортақ тұстарының куәсі. Тұрақты сөз тіркестерінің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеу екі тілдің тарихи байланысын айқындайды. Көрнекі сурет құралдары арқылы тұрақты сөз тіркестерін оқып үйрету тіл үйренушілер үшін тиімді әдіс болғанын тәжірибеміз көрсетті.

Түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестері тарихи және мәдени өзара әрекеттесу нәтижесінде ұқсас концептуалды аумақтар мен метафоралық құрылымдар төңірегінде қалыптасқан. Бұл ортақ тұрақты сөз тіркестері екі тілдің лексикасында мағынасы жағынан бір-біріне сәйкес келетін немесе тығыз байланысты ұғымдарды көрсетеді және мәдени кодтардың, әлеуметтік құндылықтар мен дүниетанымдардың, сондай-ақ тілдік туыстықтың бір-біріне сәйкес келетінін көрсетеді. Демек, екі тілде ортақ тұрақты сөз тіркестері болуын тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, тарихи байланыстарға, географиялық жақындыққа және ортақ мәдени мұраға сәйкес дамыған мәдениетаралық қарым-қатынас формасының лингвистикалық сәулесі ретінде де түсіндіруге болады. [1, 45]

Түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің ұқсастығын зерттеу барысында олардың шығу тегі мен тарихи дамуын ескеру аса маңызды. Себебі халықтардың көшпелі өмір салты, тұрмыстық ерекшеліктері мен дүниетанымы тілдегі фразеологиялық қорды байытып, ұқсас тұрақты тіркестердің пайда болуына әсер еткен. «Түбі бір түркі тілдерін бұтақтары тармақталып жапырақ жайған алып бәйтерекке ұқсатамыз» [2, 15].

Мұндай тіркестердің мағыналық қабаттары көбіне халық ауыз әдебиеті мен фольклордан, тарихи жыр-дастандардан бастау алып, екі тілде де ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. «Түркі халықтарының ауыз екі айтылып, халықтың жадында сақталған шығармаларда елдің тарихи кезеңдерде орын тепкен оқиғалар жайындағы өз бағасы да, бастан кешкен наным-сенімдердің де, дүниетанымдардың да тізбегі елес береді» [3, 3]. Сондықтан зерттеу барысында әрбір тұрақты тіркестің этимологиялық, мәдени және тарихи деректермен ұштастырыла талдануы олардың мағыналық жақындығын дәлелдей түседі.

Сонымен қатар тұрақты сөз тіркестерінің лексика-семантикалық өрісін саралау кезінде олардың заманауи тілдік қолданыстарына да назар аударылуы қажет. «Тіл

тамыршысы» бола білу деген сөз – тіл байлығын өз білгенімен ғана өлшеп, шектемеу» [4, 21]. Жаһандану мен тілдік қарым-қатынастың күшеюі нәтижесінде кейбір тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы кеңейіп, жаңа контексте қолданылуы да мүмкін. Мұндай өзгерістер тіл үйренушілерге тек екі тілдің тарихи сабақтастығын ғана емес, сондай-ақ олардың динамикалық сипатын, жаңашыл үрдістерге бейімделгіштігін де көрсетеді. Осылайша, түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестері екі халықтың мәдени-тілдік ұқсастығы мен тіл дамуының үздіксіздігін сипаттайтын маңызды тілдік-мәдени құрал бола алады.

Зерттеуіміздің мақсаты – түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ, ұқсас немесе мағыналық тұрғыдан айырмашылығы бар тұрақты сөз тіркестерін анықтап, сөздік жасау. Бұл тұрақты сөз тіркестерін көрнекі құралдар арқылы бейнелеу және тіл үйрену процесінде қолдану әдістемесін ұсыну.

КІРІСПЕ

Тіл – бұл тек сөздік қор емес, сонымен қатар белгілі бір ұлттың мәдени мұрасын, дүниетанымын және тарихи байланыстарын бейнелейтін күрделі құрылым. Тұрақты сөз тіркестері (фразеологизмдер) – тілдің сөз байлығын танытатын маңызды бөлігі. Олар тек лексикалық бірлік қана емес, халықтың ортақ жадысын, өмірлік тәжірибесін және мәдени кодтарын қамтиды. Тарихи әрі тілдік тамырластығы бар түрік пен қазақ тілдері уақыт өте келе өзіндік ерекшеліктерге ие болғанымен, ортақ мәдени мұраның іздерін сақтап қалды. «Тіл материалын салыстырғанда оның қазіргі жайын өткендегі тарихымен байланыстыра қараған жөн» [5, 78]. Тіл – тек сол тілдің сөздік қоры ғана емес, сонымен қатар тіл қарым-қатынас құралы ретінде білгілі ұлттың мәдени мұрасын, дүниетанымын және тарихи байланыстарын бейнелейтін күрделі көпқабатты құрылым. Осы көпқабаттылықтың айқын белгілерінің бірі – тұрақты сөз тіркестері. Тұрақты сөз тіркестері белгілі бір тілде ұзақ тарихи даму барысында сөздер тура мағынасында ғана қолданылып қоймай, астарлы мағынаға да ие болған тілдік бірліктер. Олар тек тілдің сөздік қорының байлығын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге халықтың ортақ жадысы мен өмірлік тәжірибесін, дүниетанымы мен мәдени кодтарын бойында жинақтайды.

Тарихи әрі тілдік тамырластығы бар түрік пен қазақ тілдері уақыт өте келе географиялық, әлеуметтік және саяси ықпалдар нәтижесінде өзіне тән даму бағыттарын қалыптастырса да, ортақ мәдени мұраның іздерін де сақтай білді. Осы орайда, екі тілдің тұрақты сөз тіркестерін салыстырып зерттеу тек тілдік элементтердің сырын ашуды ғана емес, екі тілдегі ортақ және ерекше мәдени құндылықтар мен дүниетанымды, қоғамдық ой жүйесін де тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [6, 502]. Әсіресе мағыналары жағынан ортақ фразеологиялық бірліктерді анықтап, талдау – түркітану мен қазақ тіл білімінде қос тілдің өзара ықпалдасу және ажырау нүктелерін жаңаша қырынан танып-білуге жол ашады.

Мақалада фразеологиялық тіркестердің құрылымын, тірек сөздерді іріктеу қағидаттарын және олардың мағыналық қабаттарға ықпалын айқындауды мақсат етеді. Қарастырылған теориялық негіз шеңберінде тұрақты сөз тіркестерінің анықтамалары, жіктелу өлшемдері, мәдени аясы сарапталады. Сонымен қатар, мағынаны тез әрі нақты ұғындыру мақсатында жаңа әдістер – қысқа мәтіндер мен DALL•E 3 жасанды интеллекті көмегімен жасалған көрнекі иллюстрациялар қолданылды. [7, OpenAI, 2024]. Мұндай тәсіл тұрақты сөз тіркестерін тіл үйрету процесінде ұғынықты, есте қаларлық және өзара әрекетті түрде ұсынуда айрықша жаңашылдық ретінде қарастырылады.

Зерттеу үш негізгі бөлімнен тұрады: Алғашқы бөлімде екі тілде де бірдей не өте ұқсас тірек сөздер арқылы жасалып, мағыналары да сәйкес келетін тұрақты сөз тіркестері қарастырылады. Екінші бөлімде сырттай ұқсас тірек сөздері болғанымен мағыналық тұрғыдан өзгешеленетін фразеологиялық бірліктер талданады. Үшінші бөлімде негізгі тірек сөздері әртүрлі болғанымен, мағыналары ұқсас тұрақты сөз тіркестері сараланып, екі тілдің бейнелі ойлау жүйесі мен мәдени сабақтастығының ұқсастықтары мен айырмашылықтары тереңірек ашылады.

Осылайша, құрылымдық және мағыналық талдау негізінде түрік пен қазақ тілдерінің фразеологиялық қорын кеңінен танып білуге, екі тілдің мәдени әрі тарихи өзара байланыстарының нақты мысалдарын көрсетуге мүмкіндік беріледі. Бұл тәсіл оқырманға тек тілдік ортақтықтар мен айырмашылықтарды ғана емес, фразеологиялық бірліктердің түбінде жатқан қоғамдық-мәдени құндылықтарды да түсінуге жол ашады. Осылайша мақала түркітану және жалпы тіл біліміндегі ғылыми әдебиетке теориялық үлес қосып қана қоймай, сонымен қатар тіл үйрету, аударма және мәдениетаралық қарым-қатынас салаларын дамыту үшін де құнды дереккөз ретінде ұсынылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Бұл зерттеуде алдымен деректерді жинау және сұрыптау әдісі қолданылды [8, 2017]. Түрік және қазақ тілдеріне қатысты ғылыми әдебиеттер, фразеологиялық сөздіктер мен мақалалар талданып, тұрақты сөз тіркестерінің бастапқы тізімі жасалды. Деректер іріктеу барысында әрбір тіркестің қолдану жиілігі, тілдік таралу аймағы мен тарихи-культурологиялық сипаты ескерілді. Екінші салыстырмалы талдау жасалды. Жиналған тұрақты сөз тіркестерінің құрылымдық, семантикалық және мәдени қырлары салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Бұл сатыда фразеологиялық единицалардың шығу төркіні, мағына өрістері, метафоралық негіздері мен тілдік бейнелері сарапталды. Сонымен қатар, екі тілдің тұрақты сөз тіркестерінің лексикалық құрамы мен синтаксистік құрылымы жүйелі түрде сипатталып, типологиялық талдау жүргізілді. Қолданылған көрнекі құралдар: тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру және есте сақтауды жеңілдету мақсатында DALL·E 3 жасанды интеллект технологиясы арқылы визуалды иллюстрациялар жасалды. Бұл әдіс студенттер мен тіл үйренушілердің тұрақты сөз тіркестерін бейнелі қабылдауын арттырып, оқу процесін тиімді әрі қызықты етуге көмектеседі.

Материалдар: Зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде Неджми Ақялчынның «Türkçemizin Anlamsal Zenginlikleri Deyimlerimiz» (Түрікшеміздің мағыналық байлығы тұрақты сөз тіркестеріміз) еңбегі [9, 46–301]. мен Исмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» алынды [10, 83–703]. Сонымен қатар, ғылыми мақалалар, диссертациялар, электронды тіл қорлары мен тілтанымдық сайттардың материалдары пайдаланылды. Зерттеу барысында екі тілдің тұрақты сөз тіркестерімен жұмыс жасау үшін 300-ден астам ортақ тұрақты сөз тіркесі талданды. Жинақталған материалдар екі тілдегі фразеологиялық қордың ұқсас тұстарын ашуға, олардың тарихи-мәдени сабақтастығын көрсетуге және тіл үйренушілер үшін әдістемелік нұсқаулық әзірлеуге негіз болды. Осылайша, бұл зерттеу кең көлемдегі дереккөздер мен әдіс-тәсілдерді кешенді қолдану арқылы түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің ортақ жақтарын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР

Бұл зерттеуде түрік және қазақ тілдеріндегі 300-ден астам ортақ тұрақты сөз тіркестері анықталып, сөздік жасалды. Тиісті әдебиеттерді, сөздіктерді және фразеологиялық дереккөздер тарау арқылы сөздік дайындалып, тұрақты сөз тіркестерінің түрікше-қазақша және қазақша-түрікше баламалары мен мағыналары мен қолданыс аясы берілді.

Бұл зерттеудің мақсаты – түрік және қазақ тілдеріндегі мағыналық тұрғыдан ортақ, ұқсас немесе айырмашылығы бар тұрақты сөз тіркестерін анықтау, жіктеу және оларды көрнекі құралдар арқылы байытып, тіл үйренушілер үшін түсінікті әдіспен ұсыну. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылған әдіснама мен пайдаланылған құралдар үш негізгі кезеңнен тұрады: дерек жинау мен сұрыптау, көрнекі және мәтіндік материалдарды дайындау, сондай-ақ талдау және қолдану үдерісі.

Зерттеудің негізгі дереккөзі түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестеріне қатысты ғылыми әдебиет, сөздіктер мен фразеологиялық еңбектер болды. Түрік және қазақ

тіліндегі ортақ тұрақты сөз тіркестері Неджми Ақялчынның «Türkçemizin Anlamsal Zenginlikleri Deyimlerimiz» (Eğiten Kitap, 2012) және Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» (Арыс, 2007) және Жұмабаев Ж. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі* (Арыс, 1994) [11] анықталды.

Аталған еңбектерден алынған тұрақты сөз тіркестері алдымен үш топқа топтастырылды:

1. Түрік және қазақ тілдерінде негіз сөздері бірдей не өте ұқсас және мағынасы ортақ тұрақты сөз тіркестері. Бұл сөз тіркестері мына төмендегі кестеде берілді

Кесте 1

№	Түрікше	Қазақша
1	<i>Adımını denk atmak:</i> Bir olay veya kişi karşısında ölçülü davranmak. Bir kimseyi hareketlerine dikkat et anlamında uyarmak için kullanılır. (Өр түрлі жағдайларда, адамдармен қарым-қатынаста шектен шықпау керек. Іс-әрекетіне абай бол, деп ескертуде қолданылады.) [9,47].	<i>Аяғын аңдап басты:</i> сақ, абайлап жүру мағынасында айтылады. (Dikkatli, tedbirli davranmak). [10, 97].
2	<i>Ağzını sulandırmak:</i> Karşıdakinin özenmesine, onu çok istemesine neden olmak. (Басқа адамның оған таңдануына, қалауына себеп болу) [9, 50]	<i>Аузынан суы ақты:</i> таңғалды, таңырқады қызықты. (Hayran oldu, özendi) [10, 84].
2	<i>Ağzı kulaklarına varmak:</i> Çok sevindiren bir olayı yaşamak. Sevinçli ve keyifli olmak. (Қуанышты оқиғаны бастан өткеру. Қатты қуану, көңілді болу) [9, 54].	<i>Екі езуі екі құлағында:</i> Өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, мәз мәйрам. (Sevinçli ve keyifli olmak) [10, 201].
4	<i>Başı göğe ermek / değmek:</i> Çok büyük bir aşama kaydederek yükselmek. Çok sevinip böbürlenmek. (Белестерді бағындырып, биікке көтерілу. Қатты қуанып, мақтану.) [9, 132].	<i>Төбесі көкке жетті / төбесі көкке екі- ақ елі жетпеді:</i> Қатты қуанды, шаттанды, қуанышын тасытты. (Çok sevinmek, böbürlenmek) [10, 687]
5	<i>Bir ayağı kıyıda, bir ayağı kıyıda:</i> Ölümü çok yakın; yaşamı güvende değil anlamlarında söylenir. (Өлер шағы жақындаған; өміріне қауіп төнген жағдайларда қолданылады.) [9, 151].	<i>Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде:</i> Жасы ұлғайған, өмір мен өлімнің арасында; Кәрі қойдың жасындай ғана жасы қалған. (Yaşlı, ölüme yaklaşıp olan kimse) [10, 170].
6	<i>Burun/burnunu kıvrırmak:</i> Beyenmeyip, küçümsemek. (Ұнатпай, менсінбеу) [9, 172].	<i>Мұрнын шүйірді:</i> Паңсыды, өзін басқадан артық санады, тәккәппарланды. (Beyenmeyip, küçümsemek) [10, 522].
7	<i>Diz çökmek:</i> Bir kimseye boyun eğmek, onun istediği biçimde davranmak, pes etmek. (Біреуге бас иіу, оның айтқанын істеу, жеңілу) [9, 222].	<i>Тізе бұғу:</i> Жеңілді, мойындап бас иді. (Pes etmek, boyun eğmek) [10, 712].
8	<i>Ektiğini biçmek:</i> Yapılan herhengi birşeyin karşılığını almak, sonucuna katlanmak. (Кез келген жасаған ісіннің жемісін көру, салдарына да көну) [9, 243].	<i>Не ексең соны орасың:</i> Кез келген жасаған ісіннің жемісін көру, салдарына да көну (Yapılan herhengi birşeyin karşılığını almak, sonucuna katlanmak) [10, 560].
9	<i>Şarkasını havaya atmak:</i> Bir olay veya biten bir iş sonunda aşırı sevinmeyi anlatmak için söylenir. (Қатты қуанғанды білдіреді) [9, 278].	<i>Бөркін аспанға / көкке лақтырды:</i> Қатты қуанды. (Çok sevinmek) [10, 161].
10	<i>Göz açıp karaya / karayınca kadar / değin:</i> Ansızın, çok az bir zaman diliminde. (Кенеттен, аз ғана уақыт ішінде) [9, 292].	<i>Көзді ашып жұмғанда:</i> Лездің арасында, қас пен көздің арасында, әп-сәтте [10, 327].

2. Негізгі сөздері ұқсас болғанымен мағыналық тұрғыдан өзгешеленетін тұрақты сөз тіркестері. Бұл сөз тіркестері мына төмендегі кестеде берілді.

Кесте2

№	Түрікше	Қазақша
1	<i>Açtı ağzını yumdu gözünü:</i> Öfkeli bir biçimde, ağzına gelen her şeyi söylemek (ашуланып аузына келгенді сөйлеу) [9, 46].	<i>Аузын ашып, көзін жұмды:</i> Таңдану, таңырқау мағынасында айтылады. (шаşıрмақ) [10, 856].
2	<i>Ağzından, burnundan gelmek:</i> Bir şeyi uyardığına, söylediğine pişman olmak. (Бір нәрсені істегеніне, айтқанына өкіну) [9, 58].	<i>Аузы-мұрнынан келді:</i> Лық толды мағынасында қолданылады. (Бір şeyin dolu olmasını ifade eder) [10, 83].
3	<i>Baş yarıp, göz çıkarmak:</i> Bir işi eksik, kusurlu yapmak. (Бір істі аяғына дейін жеткізбей, шала орындау) [9, 131].	<i>Бас жарып, көз шығарып барады:</i> Ешкімді тыңдамай өз дегенін істеді. Тентектік жасады, дегенге көнбеді. (Kimseyi dinlemeden kendi dediğini yapmak) [10, 120].
4	<i>Derisine sığmamak:</i> Kendini çok büyük görmek, çevresine karşı böbürlenir tavırlar sergilemek. Kendini beğenmek. (Өзін басқаларынан биік көру, айналасындағыларға мақтана қарау. Өзімшіл адам.) [9, 208].	<i>Терісіне сыймады:</i> Қатты ашуланды, долданды, булығы, жарыла ашуланды. (Çok kızmak, öfkelenmek) [10, 678].
5	<i>Ensesine binmek çökmek yarışmak:</i> Birini yakalayıp sıkıştırmak. Kaçamaz duruma geçirmek.(Біреуді ұстап алып қысым көрсету. Қашалмайтындай ету) [9, 260].	<i>Желкесіне мінді желкесінен түспеді:</i> Мойнына мініп алды; біреудің еңбегін сорды; үстемдік етті.(Birisinin kazançına ortak olmak, hiç çalışmamak) [10, 254].
6	<i>Eteğinden tutmak:</i> Bir işe başlamak. Bir işte usta olan kimsenin, bir pirin hizmetine girmek.(Жаңадан бір жұмыс бастау. Ұстаға көмекші болып жұмысқа кіру) [9, 269].	<i>Етегінен ұстау:</i> Қол ұстасып қосылуға бел байлады. Етегінен ұстау, еру.(Evlenmeye karar vermek) [10, 222].
7	<i>Fare deliği aramak:</i> Korkudan nereye kaçacağını şaşırmaқ. Aşırı korkmak.(Қорыққаннан қайда тығылдарын білмеді. Қатты қорқу) [9, 275].	<i>Кіреге тесік таппады:</i> Қатты ұялды, ұялғаннан не істерін білмеді, жұрттың бетіне қарай алмады.(Çok utanmak) [10, 385].
8	<i>Gönlüne/yüreğine su serpmek:</i> Birisine yapılan konuşma veya davranışlarla rahatlamak, ona huzur buldurmak. (Біреумен сөйлесу немесе жақсы қарым-қатынаста болу арқылы жүрегін тыныштандыру, рақаттану) [9, 289].	<i>Көңілі су сепкендей басылды:</i> Қуанышы ұзаққа бармады. (Sevinci uzun sürmedi).[10, 363].
9	<i>Gözünü dört açmak:</i> Aşırı dikkat ve özen göstermek. (Өте мұқият болу) [9, 297].	<i>Екі көзі төрт болды:</i> сағынды, аңсады, жолына қарай-қарай шаршады, күте- күте зарықты, көруге асық болды. (Çok özlemek, çok beklemek) [10, 203].
10	<i>Gününü görmek:</i> Yaptıkları sonucunda cezasını çekmek olmak. (Істеген қателіктерінің жазасын тарту) [9, 301].	<i>Күнін көру:</i> тіршілік етті, өмір сүрді, күнелтті.(Yaşamak, geçinmek) [10, 377].

3. Негізгі сөздері екі тілде де әртүрлі, бірақ мағыналық жақындығы немесе ұқсас тұрақты сөз тіркестері. Бұл сөз тіркестері мына төмендегі кестеде берілді.

Кесте 3

№	Түрікше	Қазақша
1	<i>Ağzından ateş saçmak:</i> Bir durum, kişi hakkında tehditkar konuşmak. Çok öfkelenmiş durumda konuşmak. (Біреуді қорқытып сөйлеу. Қатты ашуланып, балағаттау [9, 57].	<i>Аузынан ақ им кіріп, қара им шығады:</i> Аузына келгенін оттап, балағаттайды. (Çok öfkelenmiş durumda konuşmak) [10, 83].
2	<i>Bir bardak suda fırtına çıkarmak / koparmak:</i> Aslında küçük olan bir sorun veya anlaşmazlık bir durumunda konuyu büyük bir olay durumuna getirmek, ortalığı karıştırmak. (Болмайтын, көңіл аударуға тұрмайтын кішкентай оқиғаны әсерлеп үлкейту, қиындық туғызу [9, 152].	<i>Түймедейді түйедей қылды:</i> Кішкентай мінді, болар болмас айыпты үлкен етіп өсіріп көрсетті. (Aslında küçük olan bir sorun veya anlaşmazlık bir durumunda konuyu büyük bir olay durumuna getirmek) [10, 703].
3	<i>Bir buldu iki ister, akça buldu çıkın ister:</i> Eline geçene şüküretmeyip hep daha fazlasını isteyenler için söylenir. (Қолындағысына қанағат етпей, одан да көп болсын деп қанағаттанбайтын адамдар үшін қолданылады [9, 152].	<i>Өзі тойса да, көзі тоймайды:</i> Қанағатсыз, ашкөз. (Şüküretmeyen)[10, 569].
4	<i>Dizini dövmek:</i> Pişman olmak, ah vah etmek. (Өкінді, қатты қынжылды) [9, 223].	<i>Бармағын тістеді / шайнады:</i> Өкінді, аса қатты қынжылды. (Pişman olmak)[10, 117].
5	<i>Dört elle sarılmak:</i> Bir şeyi çok fazla benimseyerek ve tam yapma isteğiyle ele almak. Desteğini görmek istediği biriyle ilişkisini sağlam tutmak. (Бір істі қатты қалап білегін сыбана кірісу. Қолдауына мұқтаж бірімен қарым-қатынасын берік ұстау [9, 230].	<i>Білегін сыбанды:</i> Белсене түсті, барынша ынталанды. (Bir şeyi çok fazla benimseyerek ve tam yapma isteğiyle ele almak) [10, 170].
6	<i>Eteklerine karanmak:</i> Yalvarmak, af dilemek. (Жалыну, кешірім сұрау) [9, 267].	<i>Аяғына бас ұрды / иді / жығылды:</i> Алдына барып жығылды, тәуба қылды, тізе бүкті, кешірім сұрады. (Af dilemek, yalvarmak) [10, 95].
7	<i>Aynı tas aynı hamam:</i> Hiç bir değişikliğini olmadığını, kişinin veya düzenin eskisi gibi devam ettiğini anlatmak için söylenir. (Еш өзгермеген, адамның немесе жағдайдың өзгермей сол баяғы қалпында жалғасқанын білдіреді) [9, 119].	<i>Баяғы жармас сол жармас:</i> Еш өзгермеген, адамның немесе жағдайдың өзгермей сол баяғы қалпында жалғасқанын білдіреді. (Hiç bir değişikliğini olmadığını, kişinin veya düzenin eskisi gibi devam ettiğini anlatmak için söylenir.)
8	<i>Besledik büyüttük danayı, şimdi tanımaz oldu anayı:</i> Onu adam eden biziz, şimdi yüzümüze bakmıyor anlamında kullanılır. (Оны өсіріп адам еткен бізбіз, ал кәзір бізді танымай кетті, мағынасында колданады) [9, 144].	<i>Өзі болған қыз, төркінін танымайды:</i> Сіздің жасаған жақсылығыңыздың орнына, ол адам сізге зиян тигізеді. (Sizin yaptığınız iyiliği unutarak zarar vermek)
9	<i>Dağdan gelip bağdakini kovmak:</i> Sonradan geldiği bir yerde ya da emek verdiği bir işte, önceden var olanların ya da emek harcayanların yerine geçmeye çalışmak. (Бір жерге жаңадан келіп алып бұл жер менікі деу, немесе көп еңбегі сіңген біреудің орнын басқысы келгендер үшін айтылады.) [9, 198].	<i>Есіктен кіріп төр менікі деу:</i> Бір жерге жаңадан келіп алып бұл жер менікі деу, немесе көп еңбегі сіңген біреудің орнын басқысы келгендер үшін айтылады. (Sonradan geldiği bir yerde ya da emek verdiği bir işte, önceden var olanların ya da emek harcayanların yerine geçmeye çalışmak)
10	<i>Ektek yediği sofraya bıçak sokmak:</i> Geçimini sağlayan veya kendisine yardım	<i>Су ішкен құдығыңа түкірме:</i> Саған жақсылық жасаған адамдарға жамандық, опасыздық жасама.

eden kişilerin iyi niyetini kullanıp sonra da onlara ihanet etmek, nankörlük etmek. (Саған жақсылық жасаған адамдарға жамандық, опасыздық жасама) [9, 241].	(Sana iyilik eden birine kötülük, nankörlük etme)
---	---

Мұндай жіктеу тұрақты сөз тіркестерінің тілдік құрылымы мен мағыналық қабаттарын тереңірек зерттеуге жол ашып, екі тіл арасындағы мәдени және тарихи байланыстарды айқынырақ көрсетті. Сұрыпталған тұрақты сөз тіркестері негізінен тіл үйренушілер жиі кездесетін, немесе мәдени маңызы терең деп танылған үлгілерден таңдап алынды.

Көрнекі материалдарды жасау және мәтіндік қолдау:

Зерттеу барысында тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын анығырақ, есте сақтауға жеңіл әрі көпқырлы тәсілмен беру үшін көрнекі құралдар қолданылды. Бұл мақсатта DALL•E 3 жасанды интеллект технологиясы пайдаланылып, әрбір тұрақты сөз тіркесі үшін екі кезеңді көрнекі сурет жасау стратегиясы қолданылды:

Бірінші кезең: Тұрақты сөз тіркесін құрайтын негізгі сөздердің тура мағынасын бейнелейтін иллюстрациялар жасау. Осы арқылы тіркесті құрайтын сөздердің сөзбе-сөз мағыналары көзбен көрнекіленеді.

Екінші кезең: Сол тұрақты сөз тіркесінің ауыспалы немесе астарлы мағынасын көрсететін қосымша иллюстрация ұсыну. Бұл иллюстрация тұрақты сөз тіркесінің тілдік қолданыстағы мәдени және семантикалық қырын айқын көрсетеді.

Көрнекі суреттерден бөлек, әрбір тұрақты сөз тіркесінің қолданылуын көрсету мақсатында қысқа мәтіндер дайындалды. Әр мәтіннің соңында мағынаны бекіте түсетін сұрақтар қосылып, тұрақты сөз тіркесінің нақты қатынастық ортада қалай қолданылатынын түсінуге көмектеседі. Бұл тәсіл тіл үйренушілерге практикалық бағдар бере отырып, тіркестерді нақты жағдаяттарда пайдалана білуіне мүмкіндік береді (1-сурет).



Алма піс, аузыма түс: Дайын асқа тап болсақ дейтін жалқаулардың айтатын сөзі. (Hazıra konmak isteyen tembellerin söylediği söz)

Armut piş, ağzıma düş: Hiç emek harcamadan, hazır olan her şeye kavuşayım, işler kendiliğinden veya birileri tarafından yapılmasını bekleyenler için söylenir. (Еш еңбек етпей, дайынға ортақ болатындар немесе жұмыстарын басқа біреудің істегенін күтетін адамдарға айтылады.

Алма піс, аузыма түс (дайын асқа тап болатындар, жалқау) тұрақты сөз тіркесіне байланысты жазылған мәтінді оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз.

Гүлжан тамақ әзірлемеу үшін әрдайым дайын тағамдарды сатып алуды жөн көретін. Тамақ жасауға уақыт пен күш жұмсағысы келмейтін. Ол әркез Алма піс, аузыма түс дегенді ұнататын. Бір күні үнемі бұлай жасаудың дұрыс емес екенін ұқты. Ләйла ойланып, өз-өзіне «неліктен ештеңе жасағым келмейді?» деп сұрады. Содан кейін ол өзіне мақсат қойды және тамақ дайындауды үйренуге бел буды.

Сұрақтар:

1. Дайын асқа қалай қарайсыз? Сіз үшін бұл ыңғайлы ма, әлде өзіңіз дайындағанды қалайсыз ба?
2. Жалқаулықпен қалай күресесіз?

Armut piş, ağzıma düş (hazır olan şeye kavuşayım) deyiimiyle ilgili metni okuyunuz ve soruları cevaplayınız.

Adnan her zaman arkadaşlarından yardım istemeyi alışkanlık haline getirmişti. İşe gitmekten kaçınıyor, sürekli Armut piş, ağzıma düş diyerek başkalarının onun için her şeyi yapmasını bekliyordu. Arkadaşları ona sürekli yardım ederken, bir gün her şeyin ona kolay geleceğini düşündü. Ancak bir sabah, arkadaşları ona yardımcı olmayınca yalnız kaldı ve ne yapacağını bilemedi. Sonunda, kendi başına çalışmaya karar verdi ve zor da olsa iş buldu.

Sorular:

1. Hayatınızda başkalarından yardım almayı beklediğiniz anlar oldu mu?
2. Başkalarının yardımına güvenmek yerine kendi çabalarınızı nasıl artırabilirsiniz?

Әдістемелік негізде тұрақты сөз тіркестерінің сөздік мағынасы, ауыспалы мағынасы, мәдени контексті және қолданылу жиілігі ескерілді. Түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестері алдымен құрылымдық және мағыналық жағынан салыстырылып, кейін екі тілдегі үлгілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Осы сатыда сөз деңгейіндегі ұқсастықтар, түрлі тілдік стратегиялар, тарихи және жаағрапиялық құбылыстардың тілде көрініс табуы және мәдени қабылдау үлгілері сипатталады.

Алынған деректер шет тілін үйрету мен тіл білімі саласындағы зерттеулер үшін мағыналы негіз ұсынады. Тұрақты сөз тіркестерін көрнекі иллюстрациялар арқылы талдау зерттеушілер мен тіл үйренушілердің санасында анық ұғым қалыптастырады. Сонымен қатар, қысқа мәтіндер мен сұрақтар тұрақты сөз тіркестерінің контекст ішінде қалай түсінілуі және қолданылуы туралы әдістемелік нұсқаулық қызметін атқарады.

Қорытындылай келгенде, бұл әдістемелік тәсіл түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ немесе ұқсас тұрақты сөз тіркестерін тілдік, мәдени және методикалық тұрғыдан тұтас қарастыруға мүмкіндік береді. Көрнекі құралдар, қысқа мәтіндер және мағынаны бекітетін сұрақтар арқылы тұрақты сөз тіркестерін түсіну, есте сақтау және тиімді пайдалану қабілетін арттырады.

Бұл зерттеу түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестерін талдау арқылы екі тілдің тарихи, мәдени және тілдік өзара ықпалдастығын тереңірек зерделеуге мүмкіндік беріп, осы саладағы ғылыми әдебиетке елеулі үлес қосады. Ең алдымен, түрік және қазақ тілдері арасындағы ортақ, ұқсас және мағыналық тұрғыдан әртүрлі реңктерге ие тұрақты сөз тіркестерін жүйелі түрде анықтау және сипаттау осы екі тілдің тұрақты сөз тіркестері құрылымдарын тұтас көзқараспен қарастыруға жағдай жасайды. Нәтижесінде, екі тілдің тұрақты сөз тіркестері байлығының негізін құрайтын тарихи, жаағрапиялық және мәдени байланыстар нақтыланып, тіл типологиясы мен этимология салалары үшін жаңа деректер көзі ұсынылады.

Екіншіден, мағыналары ұқсас немесе ортақ тұрақты сөз тіркестерінің астарында жатқан мәдени және танымдық механизмдерді айқындау арқылы зерттеу этнолингвистикалық және мәдениеттанымдық тіл білімі бағыттарын тереңдетеді. Ортақ тұрақты сөз тіркестері екі халықтың да дүниетанымы, мәдени коды мен құндылықтар жүйесі туралы маңызды деректер ұсынғандықтан, бұл саладағы теориялық негіздер мен тұжырымдарға жаңа көзқарастар енгізуге мүмкіндік туғызады. Осылайша, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысқа бағытталған зерттеуіміз жаңа қырынан көрініп, мәдениетаралық коммуникация, аударма және шет тілін үйрету сияқты салаларда практикалық нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Үшіншіден, екі тілде де бірдей немесе ұқсас негіз сөздерді қолдана отырып, мағыналық тұрғыдан әртүрлі немесе ортақ реңкке ие тұрақты сөз тіркестерін салыстырмалы түрде талдау әзірдің өзінде бар болған ғылыми әдебиеттегі олқылықтардың орнын толтырып,

жаңа бағыттар ашады. Екі тілдегі ортақ сөздік жасау арқылы анықталған фразеологизмдер тілдік айырмашылықтар үдерісін тереңірек түсінуге жәрдемдеседі. Бұл фактілер тұрақты сөз тіркестерінің тарихи, қоғамдық және жағрапиялық әсерлер нәтижесінде қалай қалыптасатынын пайымдауға мүмкіндік беріп, фразеологиялық құрылымдардың серпінді сипатын айқындай түседі.

«Түрік-қазақша ортақ тұрақты сөз тіркестері» тақырыбындағы бұл зерттеу осы саладағы ғылыми әдебиетке көпқырлы үлес қосады. Теориялық және практикалық тұрғыдан жаңа деректер, ұғымдар мен көзқарастар ұсыну арқылы зерттеу екі тілдің фразеологиялық жүйесін тереңірек түсінуге, ортақ тарихи-мәдени мұраның тілдік көріністерін айқындауға ықпал етіп, тіл білімі, этнолингвистика, мәдениеттану, аударма, тіл үйрету салаларына берік негіз қалыптастырады.

ТАЛҚЫЛАУ

Бұл зерттеуде ұсынылған тұжырымдар мен нәтижелер түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің ғылыми зерттеу еңбектеріне сүйенеді. Зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздер, негізінен, қолжетімді сөздіктер мен фразеологиялық еңбектерге, сондай-ақ тақырыпқа байланысты іріктелген әдебиеттерге арқа сүйеді. Бұл тілдердің фразеологиялық байлығы айрықша мол және сан қырлы болғандықтан, алынған үлгілер екі тілдегі барлық фразеологиялық қабаттарды толық көлемде қамтуға мүмкіндік бермейді. Аймақтық ерекшеліктер, тілдік диалектілер, тарихи кезеңдер мен тілдік ықпалдардың алуан түрлілігі ескерілгенде, түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестерінің саны мен сапасын одан әрі кеңейту қажеттігі туындайды.

Сонымен қатар, зерттеу негізінен екі тіл арасындағы ортақ немесе ұқсас тіркестерге басымдық көрсеткендіктен, фразеологизмдердің пайда болу тарихын, тілдік инновацияларды, әлеуметтік-мәдени өзгерістерді және идиоматикалық құрылымдардың уақыт өте өзгеру үдерісін тереңірек талдауды қарастырмайды. Әрбір тұрақты сөз тіркесінің тарихи, географиялық, әлеуметтік және мәдени контексте қалыптасу ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерттеу бұл жұмыстың ауқымына кірмейді.

Зерттеу тек түрік және қазақ тілдері аясында мағыналық жағынан ортақ және ұқсас тұрақты сөз тіркестерін салыстырғандықтан, басқа түркі тілдерімен немесе өзге тілдік отбасына жататын тілдермен салыстыру қарастырылмады. Тілдер арасындағы салыстырмалы фразеологиялық талдауларды кеңейту, зерттеудің теориялық және практикалық жақтарын байытып, фразеология саласындағы жаңа перспективаларды аша алар еді. Алдағы уақыттағы кеңейтілген дереккөздерге, кең ауқымды әдістерге және пәнаралық тәсілдерге негізделген зерттеулер бұл шектеулердің шегін кеңейтіп, екі тілдің фразеологиялық жүйесі жайлы анағұрлым терең түсінік қалыптастыруға ықпал ететін болады.[12, 2002].

Сонымен қатар, бұл зерттеу нәтижелерін тіл үйрету әдістемесінде де тиімді қолдануға болады. Ортақ тұрақты сөз тіркестерінің көмегімен студенттер мен тіл үйренушілер түрік және қазақ тілдерінің мәдениеті мен дүниетанымының ұқсастығын жақынырақ сезініп, тілдік кедергілерді жеңілдетеді. [13, 2021]. Мұндай әдістемелік тәсіл тіл үйрету процесін жандандырып, оқушылардың сөздік қорын байытуға, тілдік құрылымдарды тереңірек меңгеруге септігін тигізеді. Осы тұрғыдан алғанда, алынған тұжырымдар тек теориялық сипатта ғана қалмай, сонымен қатар тәжірибелік салада да жаңа бағыттарды ұсынады. [14, 2025].

Соңғы кездері цифрлық технологиялардың дамуымен бірге, фразеологиялық материалдарды зерттеу мен үйретуде мультимедиялық құралдар мен тілдік корпус деректерін пайдалану мүмкіндігі артты. Болашақта түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің ауқымды цифрлық базасын құру арқылы олардың жиілігін, контекстік қолданылуын, стильдік ерекшеліктерін зерттеу сапасын жаңа деңгейге көтеруге болады. [15, 2025]. Мұндай интерактивті әдістер тіл үйренуді жеңілдетіп қана қоймай, зерттеушілер мен оқытушыларға тілдің тарихи, мәдени, әлеуметтік өзгерістерін де тиімді бақылауға

көмектеседі. Осылайша, бұл бағыттағы алдағы ізденістер түрік және қазақ тілдерінің тілдік мұрасын кеңінен насихаттауға әрі сақтау мен дамытуға зор үлес қосатыны сөзсіз

ҚОРЫТЫНДЫ

Түрік және қазақ тілдеріндегі 300-ден астам ортақ фразеологизм анықталып, олардың мағыналық және құрылымдық ұқсастықтары жүйеленді.

Ортақ тұрақты сөз тіркестері екі халықтың тарихи, мәдени және тілдік сабақтастығының дәлелі ретінде анықталды. Көрнекі құралдарды пайдалану әдістемесі тіл үйренушілер үшін тиімді әдіс ретінде ұсынылды.

Бұл зерттеу түрік және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің ортақ және ерекше тұстарын анықтау арқылы екі халықтың мәдениеті мен дүниетанымы арасындағы байланысты көрсетті. Алынған нәтижелер тіл үйрету, аударма және мәдениетаралық коммуникация салаларында практикалық қолданысқа ие бола алады.

Ұсыныстар:

Ортақ тұрақты сөз тіркестерін зерттеу, басқа түркі тілдерін қамту арқылы кеңейтілуі керек. Фразеологизмдерді тіл үйрету бағдарламаларына енгізу қажет. Зерттеу нәтижелерін мәдениетаралық коммуникация және аударма салаларында қолдану.

Бұл зерттеу түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестерін жан-жақты қарастыру арқылы екі тілдің тарихи, мәдени және тілдік өзара ықпалдастығының нақты мысалдарын айқындады. Алынған деректер жүздеген ортақ тұрақты сөз тіркестерінің екі тілдің сөздік қорында терең орын алғанын, олардың қарапайым тілдік құрылымнан асып, қоғамдық жадыны, мәдени кодтарды және ортақ құндылықтарды бойына жинақтағанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, ортақ тұрақты сөз тіркестері тек екі тілдің туыстығын тілдік деңгейде растап қана қоймай, тарихи кезеңдерде жинақталған ортақ тәжірибелердің, ұқсас дүниетанымдардың және ұқсас метафоралық ойлау жүйелерінің айнасы ретінде көрінеді.

Зерттеу барысында дайындалған түрікше-қазақша және қазақша-түрікше тұрақты сөз тіркестері сөздіктері осы фразеологизмдердің құрылымдық, мағыналық және мәдени ерекшеліктерін жинақы түрде ұсыну арқылы зерттеушілер, тіл оқытушылары, аудармашылар және тіл үйренушілер үшін тиімді дереккөзіне айналды. Бұл сөздіктер ортақ тұрақты сөз тіркестерінің екі тілдегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыруға, олардың коммуникациялық, педагогикалық, аудармалық және мәдениетаралық қырлардағы маңызын нақтылауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу екі тілдегі ортақ тұрақты сөз тіркестерін зерделеу негізінде тіл типологиясы, фразеология, этнолингвистика, мәдениеттанымдық тіл білімі, аударма және шет тілін оқыту салаларына жаңа бағыттар ұсынады. Алдағы уақытта ауқымды дереккөздерге сүйену, кеңейтілген әдістемелік тәсілдерді қолдану, сондай-ақ басқа түркі тілдерімен немесе өзгеше тілдік отбасына жататын тілдермен салыстыру жүргізу арқылы ортақ тұрақты сөз тіркестерін кең тарихи, географиялық және әлеуметтік-мәдени аяда қарастыруға болады. Бұл өз кезегінде тіл, мәдениет және қоғам арасындағы күрделі байланыстарды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Қорытындылай айтқанда, бұл зерттеу түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ тұрақты сөз тіркестерін талдау арқылы тілдік және мәдени ықпалдастықтың тіл құрылымына, мағыналық қабаттарына және символикалық көріністеріне қалай әсер ететінін анық көрсетті. Алынған нәтижелер тек осы екі тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын тану тұрғысынан ғана емес, жалпы алғанда, мәдениетаралық тіл зерттеулері үшін де құнды негіз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айтбаева А. *Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданбалы аспектілері.* – Алматы : Білім, 2019. – 45 б.

- 2 Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 320 б.
- 3 Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы : Рауан, 1995. – 351 б.
- 4 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 5 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы : Арыс, 2004. – 360 б.
- 6 Ömer Asım Aksoy. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. II Deyimler Sözlüğü. – Ankara : İnkilap, 1988. – 1205 p.
- 7 OpenAI. (2024). DALL·E 3 [AI image generation model]. <https://openai.com>
- 8 Creswell, J. W., & Creswell, J. D. *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (5th ed.). – SAGE Publications : 2017. Chapter 9, – 304 б.
- 9 Akyalcın N. *Türkçemizin anlamsal zenginlikleri deyimlerimiz*. – Ankara : Egiten Kitap, 2012. – 46–301 p.
- 10 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Арыс, 2007. – 83–703 б.
- 11 Жұмабаев Ж. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Арыс, 1994. – [Бет саны көрсетілмеген].
- 12 Lontas, J. I. (2002). *Teaching idioms in the second language classroom: Strategies, approaches, and techniques*. The Reading Matrix, 2(3), 1–12. https://www.researchgate.net/publication/233658062_Context_and_idiom_understanding_in_second_languages. (қаралған күні: 01.12.2025).
- 13 Zhang, Q. — *A Study on the Application of Multimodal Metaphor in English Idiom Teaching* (Atlantis Press / conference paper, 2021). (қаралған күні: 01.12.2025).
- 14 Moorhouse, B. L. — *Generative Artificial Intelligence and Language Teaching* (Cambridge Univ. Press / Element volume, 2025). (қаралған күні: 01.12.2025).
- 15 OpenAI. DALL·E 3 [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://openai.com/product/dall-e-3> (қол жеткізілген күні: 28.07.2025).

Материал 12.08.2025 баспаға түсті

Фразеологизмы с общими и схожими значениями в турецком и казахском языках

Ш.Е. Ауелбекова¹, Н.М. Шуиншина Мета²

¹SDU university, Алматы, Каскелен, 040901, Казахстан

²Казахский национальный университет им. әл-Фараби, Алматы, 050000, Казахстан

«В данной статье были выявлены фразеологизмы в турецком и казахском языках, а также создан визуальный словарь устойчивых выражений двух языков. Цель исследования – определить общие фразеологические единицы турецкого и казахского языков и составить их сравнительный словарь. В ходе исследования было выявлено более 300 устойчивых выражений, которые были классифицированы по трём группам в зависимости от их сходств и различий. Для визуализации и повышения наглядности данных, были созданы иллюстрации с использованием инструмента искусственного интеллекта DALL·E 3.

В результате было доказано, что общие фразеологизмы в турецком и казахском языках отражают языковую и культурную преемственность двух народов. Несмотря на сходство опорных слов, различия в значениях выражений показывают культурные особенности. Фразеологизмы, построенные на разных опорных словах, но имеющие схожие значения, выражают общность мировоззрения двух народов.

В заключение результаты исследования подтвердили, что общие фразеологизмы в турецком и казахском языках демонстрируют историческую, культурную и языковую преемственность. Кроме того, использование визуальных материалов при обучении фразеологизмам предлагается как эффективный метод для изучающих язык. Данное исследование может служить ценным источником для сфер преподавания языков, перевода и межкультурной коммуникации.

К ограничениям исследования относится то, что были определены и систематизированы только фразеологизмы, совпадающие по значению в турецком и казахском языках; сравнение с другими тюркскими языками и изучение способов формирования общих фразеологизмов не рассматривались. В будущем предлагается расширить исследование и более глубоко изучить способы формирования фразеологизмов и их исторические аспекты с использованием междисциплинарного подхода».

Ключевые слова: идиомы, фразеология, турецкий язык, казахский язык, культурная преемственность, обучение языку.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Айтбаева А. *Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданбалы аспектілері.* – Алматы : Білім, 2019. – 45 б.
 - 2 Бизақов С. *Түбі бір түркілер.* – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 320 б.
 - 3 Бердібай Р. *Эпос – ел қазынасы.* – Алматы : Рауан, 1995. – 351 б.
 - 4 Қайдар Ә. *Актуальные вопросы казахского языка.* – Алматы : Ана тілі, 1998. – 304 б.
 - 5 Қайдар Ә., Оразов М. *Түркітануға кіріспе.* – Алматы : Арыс, 2004. – 360 б.
 - 6 Ömer Asım Aksoy. *Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. II Deyimler Sözlüğü.* – Ankara :İnkilap, 1988. – 1205 p.
 - 7 OpenAI. (2024). *DALL·E 3* [AI image generation model]. <https://openai.com>
 - 8 Creswell, J. W., & Creswell, J. D. *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (5th ed.). – SAGE Publications : 2017. Chapter 9, –304 б.
 - 9 Akyalcın N. *Türkçemizin anlamsal zenginlikleri deyimlerimiz.* – Ankara : Egiten Kitap, 2012. – 46–301 p.
 - 10 Кеңесбаев І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.* – Алматы : Арыс, 2007. – 83–703 б.
 - 11 Жұмабаев Ж. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.* – Алматы : Арыс, 1994. – [Бет саны көрсетілмеген].
 - 12 Lontas, J. I. (2002). *Teaching idioms in the second language classroom: Strategies, approaches, and techniques.* The Reading Matrix, 2(3), 1–12. https://www.researchgate.net/publication/233658062_Context_and_idiom_understanding_in_second_languages. (қаралған күні: 01.12.2025).
 - 13 Zhang, Q. — *A Study on the Application of Multimodal Metaphor in English Idiom Teaching* (Atlantis Press / conference paper, 2021). (қаралған күні: 01.12.2025).
 - 14 Moorhouse, B. L. — *Generative Artificial Intelligence and Language Teaching* (Cambridge Univ. Press / Element volume, 2025). (қаралған күні: 01.12.2025).
 - 15 OpenAI. *DALL·E 3* [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: <https://openai.com/product/dall-e-3> (қол жеткізілген күні: 28.07.2025).
 - 16
- Материал поступил в редакцию журнала 12.08.2025

Phraseologisms with common and similar meanings in Turkish and Kazakh languages

Sh. Auyelbekova¹, N. Shuinshina Meta²

¹SDU University, Kaskelen Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

This article identifies phraseological units in the Turkish and Kazakh languages and presents a visual dictionary of idiomatic expressions in both languages. The aim of the study is to determine common phraseological units between Turkish and Kazakh and to compile a comparative dictionary. Over 300 idiomatic expressions were identified and classified into three groups based on their similarities and differences. To enhance visualization and clarity, illustrations were created using the DALL·E 3 artificial intelligence tool.

The results demonstrate that shared phraseological units reflect the linguistic and cultural continuity of the two languages. While key lexical components are often similar, differences in meaning reveal cultural distinctions. Phraseological units constructed from different key words but expressing similar meanings illustrate a shared worldview between the two nations.

The study highlights historical and cultural links between Turkish and Kazakh through their phraseology. It also proposes the use of visual materials in teaching phraseological units as an effective method for language learners. The findings can serve as a valuable resource for language teaching, translation studies, and intercultural communication.

Among the limitations, the study only considers phraseological units with overlapping meanings in Turkish and Kazakh; comparisons with other Turkic languages and investigations of the formation mechanisms of shared units were not included. Future research may expand the scope by adopting interdisciplinary approaches to explore the formation processes and historical development of phraseological units in greater depth.

Key words: Idioms teaching, Turkish language, Kazakh language, language learning, technologies teaching, dictionary of idioms.

REFERENCES

- 1 Aitbayev, A. (2019), *Qazak tilindegi turakty soz tirkesterinin koldanbali aspektleri*. Bilim, Almaty, (In Kazakh) – 45 p.
- 2 Bizaqov, S. (2000), *Tübi Bir Türkiler*. Qazaq entsiklopediasy, Almaty (In Kazakh) –320p.
- 3 Berdibai R. (1995), *Epos – El Qazynasy*. Rauan, Almaty, (In Kazakh) –351 p.
- 4 Qaydar A. (1998), *Qazaq Tilinin Ozekti Maseleleri*. Ana tili, Almaty, (In Kazakh) – 304p.
- 5 Qaidar, Á., & Orazov, M. (2004). *Türkítanýğa kirispe*. Almaty: Arys, Almaty, (In Kazakh) – 360p.
- 6 Aksoy, O. A. (1988), *Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü*. II Deyimler Sözlüğü. Inkilap, Ankara, Turkey – 1205 p.
- 7 OpenAI. (2024). *DALL·E 3* [AI image generation model]. <https://openai.com>
- 8 Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2017) *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (5th ed.). – SAGE Publications : Chapter 9, –304 p. Thousand Oaks, California, USA.
- 9 Akyalcın N. (2012), *Türkçemizin anlamsal zenginlikleri deyimlerimiz*. – Egiten Kitap, Ankara, Turkey – 46–301 p.
- 10 Kenesbayev, I. (2007), *Qazaq tilinin frazeologialiq sozdigi*. Arys, Almaty,(In Kazakh)83-703 p.
- 11 Cumabayev, C. (1994), *Kazak tilinin frazeologiyalik sozdigi*. Arys, Almaty, (In Kazakh)
- 12 Lontas, J. I. (2002). *Teaching idioms in the second language classroom: Strategies, approaches, and techniques*. The Reading Matrix, 2(3), 1–12.
https://www.researchgate.net/publication/233658062_Context_and_idiom_understanding_in_second_languages. (Accessed on: December 1, 2025)
- 13 Zhang, Q. — *A Study on the Application of Multimodal Metaphor in English Idiom Teaching* (Atlantis Press / conference paper, 2021). (Accessed on: December 1, 2025)
- 14 Moorhouse, B. L. — *Generative Artificial Intelligence and Language Teaching* (Cambridge Univ. Press / Element volume, 2025). (Accessed on: December 1, 2025)
- 15 OpenAI. *DALL·E 3* [Электрондық ресурс]. <https://openai.com/product/dall-e-3> (Accessed on: July 28, 2025).

Received: 12.08.2025